

Мемлекет басшысының электрондық сайлау жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған тапсырмаларын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 27 маусымдағы N 178-ө
Өкімі

Сайлаушылардың тізімдерін қалыптастыру әдістемесін және электрондық сайлау жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет басшысының электрондық сайлау жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған тапсырмаларын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының басшылары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы А.А.Тілеубердинге жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 27 маусымдағы
N 178 - ө өкімімен

бекітілген

Мемлекет басшысының электрондық сайлау жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған тапсырмаларын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2006.04.06. N 86 өкімімен.

P/c N	Іс-шаралар	Мерзімі	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6
I. Азаматтардың бірыңғай электрондық тіркеу тізілімін жүргізу жөніндегі іс-шаралар					
1.1	"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобасын енгізу	2006 жылғы 3 - тоқсан	Заң жобасын Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізу	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	Талап етілмейді

1.2	"Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорын және "Мекен-жай тіркелімі" жүйесін құру жөніндегі жұмысты жалғастыру	2007 жылғы 4-тоқсан	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат беру	Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі	342362,5 мың теңге сомасындағы 005 "Мемлекеттік деректер базасын құру" республикалық бюджеттік бағдарлама
1.3	Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясына халықты есепке алуды жүзеге асыратын жергілікті органдардың ақпаратымен салыстырылған мәліметтердің негізінде электрондық жеткізгіштердегі сайлаушылар туралы мәліметтерді беру	Жыл сайын 1 шілде мен 1 қаңтарға және Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының сұрау салуы бойынша	Сайлаушылардың тізімі	Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	Талап етілмейді
1.4	Қазақстан Республикасының сайлаушы-азаматтарының бірыңғай электрондық тіркеу тізілімін өзекті ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру	2005 жылғы 3-тоқсан	Азаматтардың электрондық тіркеу тізілімі	Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы (келісім бойынша)	Талап етілмейді
1.5	Мекен-жай тіркелімін жүргізудің тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық кесім дайындау	2005 жылғы 3-тоқсан	Нормативтік құқықтық кесім	Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	Талап етілмейді
II. Штрих-кодтарды жапсыру жөніндегі іс-шаралар					
	Облыстық әкімдіктерді штрих-кодтарды жапсыру үшін тізімдер жасау жөніндегі формат-			Қазақстан Республикасы	

2.1	пен, штрих-кодтарды қалыптастыру және басып шығару жөніндегі бағдарламалық қамтамасыз етумен, төлқұжаттық дерекқордан ақпаратпен қамтамасыз ету	2005 жылғы 3-тоқсан	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат беру	қасы Орталық сайлау комиссиясы (келісім бойынша)	Талап етілмейді
2.2	Штрих-кодты қалыптастырудың және басып шығарудың тәртібі туралы нұсқаулық әзірлеу, облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдіктерінің өкілдерін оқытуды жүргізу	2005 жылғы 3-тоқсан	Нұсқаулық оқыту жөнінде курстар өткізу	Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы (келісім бойынша)	1 6 2 9 1 м ы ң теңге сомасындағы 001 "Сайлау өткізуді ұйымдастыру" республикалық бюджеттік бағдарлама
2.3	Жергілікті жерлерде штрих-кодтарды қалыптастыру, басып шығару және жапсыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру	2005 жылғы 3-тоқсан	Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясына ақпарат беру	Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	Жергілікті бюджет
2.4	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігін және Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясын Штрих-кодтарды жапсыру жөніндегі жұмыстардың барысы туралы хабардар ету	Ай сайын және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің сұрау салуы бойынша	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына ақпарат беру	Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	Талап етілмейді

III. "Инженерлік-техникалық орталық" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру

3.1	Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Инженерлік-техникалық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру	2005 жылғы шілде	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы (келісім бойынша)	9710 мың теңге сомасындағы 003 "Инженерлік техникалық орталық құру" республикалық бюджет-
-----	---	------------------	---	--	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК